

**Кеңес беру туралы есеп**

**Тақырыбы: «Кой шаруашылығында гибридтеуді пайдалану мүмкіндіктері»**

**Бағыты: «Кой шаруашылығы»**

**«20» караша 2023 жыл**

**Кеңес берілген жер:** Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген кенті  
Шаруашылық: ШҚ «Дархан».

**Эксперт:**

*Т.Е.Кенжебаев*

**Кенжебаев Т.Е.**

*(қолы)*

**Басқарма Төрағасының орынбасары**  
**«ҚМШЖЖӨҒЗИ» ЖШС**  
**Т.Н.**



**Қарымсақов**

## Есеп құрылымы

Кеңес берілген өзекті мәселе: “Қой шаруашылығында гибридтеуді пайдалану мүмкіндіктері”.

2) Еңбек сапасын жақсартуға ыптал ететін, өзекті мәселені шешуге бағытталған экспертиң негіздемелері мен ұсыныстары;

Сардиния аралында ерте кездің өзінде-ақ муфлон мен үй қойларынан гибрид (тұраалық будан) төл алғынған. Неміс ғалымы Кюнь Гале каласының хайуанаттар бағында алғаш рет гибридтеу әдісін қолдана отырып, муфлон мен үй қойларынан өсімтал гибрид-будандар алды.

1927 жылы академик М.Ф. Ивановтың басшылығымен Аскания-Нова қорығында жабайы қой генотиптерін мақсатты пайдалану арқылы қой тұқымын шығаруға бағытталған зерттеулер басталды. Мұнда үй және жабайы қой будандарының 80-нен астам комбинациясынан тол алынып, тұраалық будандастыру жолымен жаңа тұқым шығару әдістемесі негізделді. 1950 жылы Н.С. Бутарин, А.Е. Есенжолов және басқалар осы әдісті толықтыра отырып, Тянь-Шань жабайы арқарымен биязы жұнді қойларды будандастыру жолымен биік таулар жағдайына бейімделген, етті-жұнді бағыттағы казак арқаромериносы тұқымын шығарды.

Қызыл кітапқа енгізілген жануарлармен жұмыс жүргізу ерекшелігіне сай, ғалымдар мен Алматы хайуанаттар бағы қызметкерлерінің бірлескен жұмыстардың итіжесінде жабайы арқар бойынша ширек қанды гибридті қозылар алынды (1-2 сурет). Олар Алматы облысы Райымбек ауданының шаруа қожалықтарында 1 жасқа дейін осіріліп, қолдан ұрықтандыру әдісімен мал басын көбейтуде пайдаланылды.



Сурет 1 - жабайы арқардың 50 %  
каны бар еркек гибрид-қошқарды  
хайуанаттар бағында қойлармен  
жұптастыру.



Сурет. 2 - жабайы арқардың 50 %  
каны бар гибрид-саулық

Жабайы арқар мен биязы жұнді қойдан алғынған бірінші ұрпак ( $F_1$ ) гибрид-қошқардың 1,5 жастағы тірі салмағы 97 кг, жуылған жүн түсімі 1,27

кг, таза талшық шығымы 81,67%, жүн талшықтарының орташа жінішкелігі  $14,34 \pm 0,34$  мкм болды (1-сурет). Хайуанаттар бағында гибридкошқармен жұптастырылған саулыктардың орташа салмағы  $55 \pm 0,6$  кг, жүннің орташа жінішкелігі 64 сапага ( $20,6-23,5$  мкм) сәйкес келді (1-сурет), Бұдан әрі жабайы аркар бойынша қан үлесі 25% гибридті төлдер өнімділіктеріне сай бағаланып, өсімге калдырылды.

Алматы облысы Райымбек ауданының "Сенім" Ш/Қ-да қазак аркаромеринос тұқымды қойларын № KZ296360620 гибридті-кошқармен (3-сурет) жұптау бойынша жүргізілген ғылыми-өндірістік тәжірибелердің нәтижесінде гибридті қозылар алынып, оның 103 басы 1 жасқа дейін өсіріліп, бонитировкаланды (кешенді бағаланды).



Элита және бірінші класты 74 бас тоқтылардан (71,84%) ұнамды бітімді гибридті топ құрылды.

№ KZ296360620 кошқардан алынған жабайы аркар бойынша 25% қаны бар кошқардың жуылған жүн түсімі 4,25 кг, таза талшық шығымы 56,6 %, талшықтардың орташа жінішкелігі  $20,4 \pm 0,35$  мкм құрады.

Жабайы аркар бойынша 12,5% қаны бар гибридті бір жасар ерек және ұрғашы тоқтылардың орташа жүн түсімі, тиісінше,  $2,2 \pm 0,24$  және  $1,7 \pm 0,22$  кг құрады, таза талшық шығымы 55 және 56,0% болып, ал олардың жүн талшықтары, аналықтармен салыстырғанда 3,12 мкм (12,73%) жінішке болды.

3) АӨК субъектісі кеңес бойынша берілген ұсыныстарды қабылдаган жағдайда, өнімділік пен өнім көлемін арттыру, өзіндік құнын төмендегу бойынша қол жеткізілетін нәтижелер;

Биязы жұнді қойлардың өнімділік-тұқымдық қасиеттерін жетілдіру, жүн талшықтары диаметрін жінішкерту, әсіресе олардың тау жайылымдары жағдайларына бейімделу қасиеттерін арттыру үшін жабайы аркар генотипі бар кошқарларды қолдан ұрықтандыру әдісімен қарқынды пайдалану биік тау жайылымдарын тиімді пайдалану арқылы кой шаруашылығы өнімдерінің

өзіндік құнын 25-30 % төмендетіп, экологиялық таза ет, жүн өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді.

4) Эксперттің кеңес беру сәті;



Шаруашылық басшысына кеңес